

Аширова А.Т.  
**Газет мәтініндегі  
тақырыптардың синтаксисі**

Газет көпшілік оқуға арналған ақпараттық құрал болғандықтан, қазақ тілінің әдеби нормасының сақталуына, ел арасына дұрыс таралуына тікелей әсер етеді. Сөйлемдердің құрылымы, сөз тіркестерінің орынды қолданылуы, грамматикалық ережелердің сақталуы мақаланың мәтінінен кем маңызға ие емес. Мақала керемет қоғамдық пікірді қозғағанымен, синтаксистік қателер кездесетін болса, ол кәсіби тұрғыдан үлкен қателік болып есептеледі. Бұл орайда мақала тақырыбында да бұл ережелер қатаң сақталуы керек. Себебі, тақырыптың сауатсыз қойылуы немесе құрылымдық жағынан қате кетуі, қалыптасқан сөз тіркестерінің бұрмалануы оқырман қауымға айдан анық байқалып тұрады. Мәселен, құрмалас сөйлемді немесе жай сөйлемді толығымен тақырып ретінде қояр болсаңыз, оның оқырманға жаға қоймауы белгілі. Мақала тақырыбы адамды өзіне тартып тұруы қажет. Бұл тұрғыда синтаксистің бізге берер көмегі мол.

**Түйін сөздер:** синтаксис, газеттегі мәтіндер, индустрия, лексика-грамматика, құрмалас сөйлемдер.

---

Ashyrova A.T.  
**The syntax of the article in the  
newspaper**

The compliance language can affect the literacy of the reader in the paper. Because it is the main tool in the media, which consists of texts. The structure of sentences, correct use of the phrases, not less than itself importance is the respect for grammar than the content of the article. Either a little, or If you comply with these important rules of the Kazakh language in the article, it will be evaluated as wrong from the standpoint of a professional, even if it is an article about the important topic of the society. It is especially important to adhere strictly to these rules on the subject of the article. Thus, the topic of the article come in, which the sentence is composed of one, or a particular phrase. The topic of the article should attract the reader. And the rules of syntax may help.

**Key words:** syntax, industry, vocabulary grammar, phrase.

---

Аширова А.Т.  
**Синтаксис заголовков  
газетных статей**

Соблюдение норм языка в газете может влиять на грамотность читателя, потому как она является основным инструментом в СМИ, которое состоит из текстов. Структура предложений, правильное использование словосочетаний, соблюдение грамматики имеет не меньшее значение чем сама статья. Если в статье не соблюдаются эти немаловажные правила казахского языка, то она с профессиональной точки зрения будет оценена как ошибочная, даже если статья будет о самой важной теме общества. При этом необходимо строго соблюдать эти правила, особенно в самой теме статьи. Иногда бывают статьи, у которых тема состоит из одного предложение, или какой-то определенной фразы. Тема статьи должна притягивать читателя. А нормы синтаксиса приходят на помощь в этом.

**Ключевые слова:** синтаксис, индустрия, лексика-грамматика, словосочетание.

## ГАЗЕТ МӘТІНІНДЕГІ ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ СИНТАКСИСІ

Қазіргі таңда көптеген аудандық, облыстық басылымдарды айтпағанда аттары дардай республикалық газеттердің оқырманы азайып, Қазақстан халқының газетке жазылуыда сиреп барады. Және бұның қоғамға белгілі тұлғалар айтып жүргенбасты екі себебі бар: Біріншісі, әр республикалық газеттердің өзіндік жеке сайттарының пайда болуы. Немесе басқа да ақпараттық сайт, порталдардың көбеюі. Екіншісі, газет мақалаларының оқырманды өзіне тарта алмауы, қызықтыра алмауы. Бірінші мәселені шешудің бірнеше тиімді жолдарын табуға болады. Мәселен газеттер өз сайттарына әр материалдың тек белгілі бір бөлігін салып, басқасын газет арқылы оқи алатындай жасау. Немесе онлайн түрде газетке жазылуға мүмкіндік беруге болады.

Енді екінші мәселенің шешіміне келсек. Мұндағы біздің зерттеп отырған аумағымызға қатысты басты проблема газет бетіндегі тақырыптардың дұрыс қойылмауы, дұрыс берілмеуі. Құрғақ сөзбен айтқанша, нақты мысалдар келтіріп көрелік.

Біріншіден, бұл басылым бетіндегі тақырыптардың өте ұзақ болуы. Бүгінгі біз өмір сүріп отырғанақпараттық заманда, жо-жоқ жай ғана ақпараттық емес жылдам ақпараттық заманда барлық адамдар үшін ең маңызды және де бағалы нәрсе, ол – уақыт. Осы себептен біз өз уақытымызды алатын әрбір артық заттан қаша бастаймыз. Сол секілді тым ұзақ мақаланы немесе ұзақ тақырыпты оқу да біз үшін аса қиын. Әсіресе егер олар дәл мынадай болар болса. Мәселен, «Ауыл шаруашылығы, тағам өнеркәсібі және қонақжайлылық индустриясы – Шымкенттегі-халықаралық көрменің басты тақырыптары» («Айқын» газеті, 25.11.2005), «Нұр Отан» Елбасы тапсырмаларының, партиялық міндеттемелерінің орындалуын жүйелендіруде» («Түркістан» газеті, 18.11.2015), «Қазақстанда медициналық сақтандыру жүйесі екінші рет енгізілмек» («Түркістан» газеті, 16.11.2015), «Қолдан кеткен қысқы олимпиада 2022 жылы қытайлардың қоржынын қампайтпақ» («Түркістан» газеті, 06.08.2015), «Жаңбырлатып суғаруға испандықтар жәрдемдеседі» («Айқын» газеті, 05.11.2015), «Қытайда қазақтың ұлттық билері мектеп бағдарламасына енгізілді» («Айқын» газеті, 23.11.2015) және т.б.. Осы тақырыптарды оқып отырып біздің ойға келетін бірінші сұрақ: Бұл тақырыптарды оқып отырған оқырманға мақаланы оқудың қаншалықты қажеті бар? Мұндағы әрбір тақырыпта мақаланың

түсініктемесі, немесе кішкене аннотациясының толық нұсқасы айтылып отыр. Яғни, біз бұл мақалаларды оқымай-ақ, оның толық мағынасын, негізгі жеткібек ойын түсініп қоямыз. Және жай ғана түсінбейміз, сонымен қоса, журналистикадағы, ақпарат алудағы ең негізгі сұрақтарға жауап таба аламыз: Кім? Қашан? Қайда? Кіммен? Қалай? Не істеді?. Бұл бірінші жақтан жіберілген үлкен кемшілік болса, тағы да бір жағынан алып қарағанда бұл тақырыптарды жай ғана оқудың өзі оқырманды өте қатты шаршатады. Қазіргі таңда біз тіпті жылдар бойы қалыптасқан, ғасырлардан жалғасып келе жатқан классикалық әдебиеттердің қысқартылған нұсқаларын оқуға тырысамыз. Және оларды қысқартып жазуға өтініште білдіріп жүрміз. Ал онымен салыстырғанда басылым беттеріндегісі секілді тым ұзақ тақырыптар түкке тұрғысыз нәрсе. Бұл тақырыптар біздің қоғамдағы газет оқуға деген онсызда азайып бара жатқан ынтынаы әрі қарай тағы да кеміте түседі.

Тағы бір ескере кетерлік жайт бұл газет тақырыптарының әрбірінің астында өзіне тән түсініктемелер яғни аннотациялар болады. Мысалы, «Ауыл шаруашылығы, тағам өнеркәсібі және қонақжайлылық индустриясы-Шымкенттегі халықаралық көрменің басты тақырыптары» атты мақаланы алайық. Оның аннотациясында: «2015 жылдың 25-26 қарашасында Шымкентте 1-Оңтүстік Қазақстандық Agro Shymkent 2015 «Агроөнеркәсіп кешені және қонақжайлылық индустриясы» Халықаралық көрмесін өткізеді», – деп жазылған. Тақырыпты оқыдыңыз, мақаланың барлық мағынасы, қорытынды түсінікті болса, түсініктемесі оқып неңіз бар. Ал түсініксіз болса, онда оқисыз да бәрін түсіне қоясыз. Мақаланы әрі қарай оқу, оқымау өз еркіңіздегі шаруа деп тұрған секілді. Алайда бұл журналист үшін тиімді позиция бола алмайды. Себебі ол өз мақаласын оқыта білуі тиіс емес пе?

Екіншіден, газет бетіндегі тақырыптарды қойғанда авторлар немесе редакторлар өздері «ойдан шығарған» әртүрлі теңеулердің, тіпті қарапайым сөздердің көптігі. Негізінде газетте келген БАҚ өкілі сынды ең алдымен ақпарат беруші құрал болатын. Ал барлық ақпарат нақты және дәлме дәл берілуі қажет. Бірақ біздің басылымдарда әдеби теңеулердің, мақал-мәтелдердің бұрмалануы жиі-жиі кездеседі. Мәселен, қазақта «Жігіттің де жігіті бар азаматы бір бөлек, жылқының да жылқысы бар қазанаты бір бөлек» деген сөз бар. Біздегі көптеген мақалаларда осы сөз бұрмаланып тақырып ретінде қолданылып жүр. Нақты мысал келтірсек, «Ұстаздардың ұс-

тазы» («Түркістан» газеті, 05.15.2015), «Сөздікшінің де сөздікшісі бар» («Ана тілі» газеті, 18.11.2015). Осы секілді әртүрлі мысалдарды алуға болады. Бұл тақырыптар қарапайым синтаксистегі баршамамызға белгілі «ақ десе ақ» деген мысал секілді. Немесе тақырыпты әдеби шығармамен шатастыратындарға қарап көрелік. «Сүйінбай жырын селдеткен, Жамбылдың жырын тербеткен...» («Айқын» газеті, 16.11.2015), «Қайғыдан жылап көрмеп едім. Жылағым келді бақыттан...» («Айқын» газеті, 11.11.2015), «Сөз мәйегін терген» («Айқын» газеті, 11.11.2015) және т.б.. Бұл көбіне қандай да бір белгілі адамдар жайында жазылады. Алайда осы тақырыптар көбіне қайталанып отырады. Мәселен, «Алашшыл азамат» («Қазақ әдебиеті» газеті, 13.11.2015), «Ұлт аңсарының ұйытқысы» («Түркістан» газеті, 04.11.2015), «Өнегелі із қалдырды» («Айқын» газеті, 23.10.2015), «Аспаннан аққан жұлдыз» («Қазақ әдебиеті» газеті, 27.11.2015). Бұл тақырыптардың мағыналары өте ұқсас келеді. Кейде осы әдеби сөздер көпшілікке түсініксіз болып жатады. Мәселен, үстіміздегі мысалдарды алып қарайық. «Сөздікшінің де сөздікшісі бар». Негізі мақала аудармашылар жайында, ал «сөздікші» деген сөз қазақ тілінде мүлдем кездеспейді. Бұл сөзді жаңа өзіміз айтқан аудармашы сөзімен ауыстыра салуға болады. Сол секілді «Алашшыл азамат» мақаласы. Бұл жердегі «алашшыл» сөзі де көпшілікке түсініксіз болады. Оны басқа да осы сөзбен мағыналас сөзбен ауыстырып қолданған жөн секілді. «Ұлт аңсарының ұйытқысы» деген тақырыпта аса түсінікті бола қоймас. Біріншіден, «аңсар» сөзі аңсау сөзінен шыққан, бұл сөзді арман немесе қалау сынды сөздермен ауыстырған жөн. Екіншіден, «аңсарының ұйытқысы» деген сөздің өзі түсініксіз. Негізінен «ұйытқысы» деп әдеби шығармаларда, теңеулерде біріктіруші, бірлікке, татулыққа шақырушы адамды айтып жатады. Ал «ұлт арманының» қандай «ұйытқысы» болуы мүмкін? Осы секілді тағы біраз мысалдарға қаралық. «Адам жүрегін ағартатын ғылым» («Қазақ әдебиеті» газеті, 13.11.2015). Тақырыптағы «жүрегін ағартатын» сөзі қандай мағына береді? Мақала философия ғылымы жайында, демек бұл адам ой-санасын өсіруге арналған ғылым туралы. «Ағартатын» сөзін автор «ағартушы» деген сөзден алған болар. Бұл жерде екі бірдей қателік бар. Біріншісі, «ағартушы» деп «педагогты» айтамыз. Екіншісі «жүректің ағаруы» теңеуі, «жүректің тазаруы» немесе «ой-сананың өсуі» сынды тіркестер жетерлік. Ал бұндай тіркес мүлдем кездеспейді. «Мемлекетті ұлт» («Түр-

кістан» газеті, 10.09.2015). Мақала әрине қазақ ұлты жайында. Біздің өз мемлекетіміз бар деген мағынада. Мұндағы қателік «мемлекетті» сөзі, автор тақырыпты қысқа қойғысы келген болар. Алайда бұл сөз қазақ тілінде, оның үстіне ақпарат құралында қолданылғаны жөн болмас.

Үшіншіден, екінші мәселеге қарама-қарсы бүгінгі таңда пайда болған жаңа сөздерді тақырып ету. «ШЫМКЕНТ – БАЗАР ЖОҚ, БРАТ!» («Айқын» газеті, 18.11.2015), «Жігіттер, кончайте базар-вокзал» немесе қазақты құртудың әдісі» («Жас қазақ» газеті, 23.10.2015) деген мақалаларды алып қарайық. Бұл біздің ана тіліміздің алалануы болып есептеледі. Алайда осы жаңа сөздердің енуі арқылы жақсы тақырып тауып жатқандарда бар. Мәселен, «Трансформация тиімділігі» («Жас қазақ үні» газеті, 30.10.2015), «Еңсесі түскен Еуроаймақ елдері» («Түркістан» газеті, 05.05.2015). және бұл жерде тағы бір атап кететіні қазір көптеген авторлар бір әріптен басталатын тақырыптарды қоюға тырысады. Себебі, ол есте тез сақталады.

Әрине газет мәтініндегі тақырыптардың тек осал тұстарын емес, жақсы жақтарында айта кеткен абзал. Мәселен, осы ғасырдың басында «Қазақ әдебиеті» газетінде мынадай тамаша бір дәстүр болатын. Қандай да бір сараптамалық тақырыпты алып оны барлық тұрғыдан зерттеп жазу. Ал ол мақалалардың тақырыптары бар болғаны үш сөзден ғана тұратын. Дәлірек айтқанда бір сөзді үш рет қайталап қоятын да, бірінің соңына леп белгісін, екіншісіне, сұрақ белгісін, ал үшіншісіне, көп нүкте қоятын. Мысалы, «Әдебиет! Әдебиет? Әдебиет...» деген секілді. Бұл оқырманды өзіне тартудың жолы, әрі тек сөзбен емес тыныс белгілілерінің өзімен адамдардың қызығушылығын арттыруға болады.

Қазіргі басылымдардың ерекшелігін былай атап өтуге болады. «Шоқан шыққан шың» («Қазақ әдебиеті», 06.11.2015), «Дағдарысқа қарсы дабыл» («Жас қазақ» газеті, 27.11.2015), «Болашақтың сауалы» («Жас қазақ» газеті, 27.11.2015), «Жапон жарылқайды» («Жас қазақ», 30.10.2015), «Той өтті. Түйін қалды» («Жас қазақ», 16.10.2015), «Ақ пен қара» («Жас қазақ» газеті, 07.08.2014), «Сән агенттігінің саудагері» («Айқын» газеті, 11.11.2015), «Сайрам шайқасының сардары» («Түркістан» газеті, 26.10.2015), «Соғыс және қасірет» («Түркістан» газеті, 08.10.2015). Байқап отырғандарыңыздай бұл тізімде «Жас қазақ» газетінің көш ілгері екендігі көрініп тұр. Мәселен, «Той өтті. Түйін қалды.» деген тақырып. Екі бір сөйлемнен құралған, бірақ сонда да қызықты. Егер осы мақаланың тақырыбын өзіміз келтірген мысалдардың біріне салып қойып көрсек. «Хан басына тағзым етуге басшылар неге келмеді?». Қай тақырып сәтті шықты. Қалай ойлайсыз? Немесе «Болашақтың сауалы» атты мақаланы осы логика бойынша ауыстырып көрелік. «Жастар әкім орынбасарына көкейдегі сауалдарын қойды». Алғашқы, яғни газеттегі тақырыптан сіздер тек тақырыпты көрсеніздер, ары қарай түсіну үшін мақаланы толық оқуға тырыспас едіңіздер. Ал екінші, біз айтып отырған тақырыпта оқиға баяндалып қойды әрі қарай оқудың қажеті шамалы.

Қорыта келгенде түйген ой мынадай ең алдымен өз тіліміздің тілдік ережелерін сақтай отырып, оның ішінде синтаксистік ережелерге мән бере отырып, қызықты тақырыптар ойлап табуға болады. Және бұл үшін ұзын сонар сөйлем құраудың да, ұйқас қуудың да қажеті шамалы, орынсыз сөз тіркестерін ойлап табу керегі жоқ. Бар болғаны оқырманды тарта білетін түсінікті, дәлме дәл, қысқа тақырыптарды, мәйегімен мағынасы бар сөздерді қарастыру керек.

#### Әдебиеттер

- 1 Сайрамбаев Т., Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1991.
- 2 Сайрамбаев Т., Сағындықұлы Б. Синтаксис мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2008.
- 3 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. (Оқу құралы) – Алматы: РБК, 2000. – 207 б.
- 4 <http://jasqazaq.kz/index.php> интернет мағлұматынан.
- 5 Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. Оқу әдістемелік құрал. – Алматы, 2000.

#### References

- 1 Sajrambaev T., So'z tirkesi men zhaj so'jlem si'ntaksi'si. – Almaty': Rawan, 1991.
- 2 Sajrambaev T., Saghy'ndy'quly' B. Si'ntaksi's ma'selerleri. – Almaty': Qazaq wni'versi'teti, 2008.
- 3 Orazbaeva F. Tildik qaty'nas: teori'yasy' zha'ne a'distemesi. (Oqw quraly') – Almaty': RBK, 2000. – 207 b.
- 4 <http://jasqazaq.kz/index.php> internet maghlumaty'nan.
- 5 Turghy'nbaeva B.A. Damy'ta oqy'tw tehnologi'yalary'. Oqw a'distemelik qural. – Almaty', 2000.